

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ университеті



Тақырыбы: Бауырдың жедел зақымдалуының патофизиологиясы. Жедел гепатиттер сипатамасы. Бауырдың созылмалы зақымдалуының патофизиологиясы. Бауырлық кома.

Қабылдаған: Молдалиев Ж
Орындаған: Баймбетов Д
Тобы: ЖМ-320

ЖОСПАР:

1. КІРІСПЕ

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

*БАУЫРДЫҢ ЖЕДЕЛ ЗАҚЫМДАЛУЫНЫҢ
ПАТОФИЗИОЛОГИЯСЫ.*

ЖЕДЕЛ ГЕПАТИТТЕР СИППАТАМАСЫ.

*БАУЫРДЫҢ СОЗЫЛМАЛЫ
ЗАҚЫМДАЛУЫНЫҢ ПАТОФИЗИОЛОГИЯСЫ.*

БАУЫРЛЫҚ КОМА.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР



Бауыр патофизиологиясы

Бауыр организмде ішкі ортаның тұрақтылығын сақтап тұруға бағытталған көптеген өте маңызды қызметтер атқарады.

Бауыр аурулары:

- қабынумен (гепатит);
- бауыр жасушаларында зат алмасуларының біріншілік бұзылыстарынан дамидын дистрофиялармен (гепатоздармен);
- бауырда дәнекер тіннің көптеп өсіп-өнуінен оның беріштенуімен (цирроз);
- өспе өсуімен;
- от өндірілуі мен оттің ішекке шығарылуы бұзылыстарымен көрінеді.

Бауыр аурулары себепкер ықпалдардың бауырға тікелей әсерлерінен өзіндік және басқа ағзалар мен жүйелердің бұзылыстары нәтижесінде дамидын **салдарлық** – болып ажыратылады.

Бауыр бүліністері:

салдарлық

өзіндік



Бауырдың өзіндік бүліністерінің себепкер ықпалдары болып:

- бактериялар мен вирустар (вирустық гепатиттер А, В, С, Д, Е энтеровирустар, туберкулез, мерез, іш сүзегі т.б. қоздырғыштары);
- қарапайым жөндіктер мен құрттар (амсба, лямблийлер, эхинококктар, бөсір (аскарида) т.б.);
- экзогендік, эндогендік улы өнімдер, дәрі-дәрмектер (сынап, фосфор, сульфаниламидтер, антибиотиктер, ішімдік, тіннің ыдырау өнімдері т.б.);
- от жолдарының қабынуынан, тас байлануынан т.б. жағдайлардан дамидын өттің іркіліп тұрып қалуы;
- аллергиялық серпілістер (екпе, емдік сарысу, тағамдық немесе дәрілік аллергиялар организмге енгенде);
- тағамдық факторлар (нәруыздық, витаминдік ашығулар, тым майлы тағам қабылдау т.б.);
- өспелер (гепатома);
- физикалық ықпалдар (иондағыш сәулелер, жаракат т.б.) — есептеледі.

Организмнің басқа мүшелері мен жүйелерінің аурулары нәтижесінде бауырдың салдарлық бүліністері мына жағдайларда дамуы мүмкін:

- қанайналым жеткіліксіздігінен (сілейме, қоллапс, жүрек қызметінің жеткіліксіздігі);
- организмнің гипоксиясынан;
- қан жүйесінің ауруларынан (анемиялар, лейкоздар);
- бүйрек қызметінің жеткіліксіздігінен;
- витаминдердің, әсіресе Е-витаминінің, тапшылығынан;
- эндокриндік бездердің ауруларынан (бүйрек үсті бездері сыртқы қабатының жіті жеткіліксіздігі, қантты диабет);
- өспелердің бауырдағы метастазаларынан;
- тұқым қуатын зат алмасуларының ауруларынан;
- темір иондарының артық жиналып қалуынан бауырда гемосидероз дамуынан т.б. жағдайлардан – байқалады.

БАУЫР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕТКІШЛІКСІЗІГІ БАРЛЫҚ
ЗАТ АЛМАСУЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫМЕН
СИПАТАЛАДЫ.

Көмірсу алмасуының бұзылысы

Нәруыз алмасуының бұзылысы

Май алмасуының бұзылысы

Витаминдер алмасуының бұзылысы

Гормондар алмасуының бұзылысы



Гепатит туралы түсінік

**ГЕПАТИТ (САРЫ АУРУ) – БАУЫРДЫ
ЗАҚЫМДАЙТЫН ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ. ОНЫ
КЕЙ ЖЕРДЕ “ҚЫЗБА” ДЕП АТАҒАНЫМЕН, ГЕПАТИТ
КӨБІНЕ ТЕМПЕРАТУРАНЫ КӨТЕРМЕЙДІ. БҰЛ АУРУ
ЖАС БАЛАЛАРДА ЖЕҢІЛ ФОРМАСЫНДА ӨТЕДІ, АЛ
ҚАРТ АДАМДАР МЕН ЕКІ ҚАБАТ ӘЙЕЛДЕРДЕ ӨТЕ
АУЫР БОЛАДЫ. НАУҚАС ӘДЕТТЕ, 2 АПТА БОЙЫ
ӨТЕ АУЫР ХАЛДЕ БОЛАДЫ ЖӘНЕ АУРУДАН КЕЙІН
1 АЙДАН 3 АЙҒА ДЕЙІН ҚАТТЫ ӘЛСІРЕЙДІ. ЯҒНИ 3
АПТА БОЙЫНА САРЫ АУРУМЕН АУЫРҒАН НАУҚАС
БАСҚА АДАМДАРҒА ЖҰҚТЫРА АЛАДЫ.**

**СОЗЫЛМАЛЫ ГЕПАТИТ – БАУЫРДЫҢ 6
АЙДАН АРТЫҚ СОЗЫЛАТЫН
ПОЛИЭТИОЛОГИЯЛЫҚ ДИФФУЗДЫ ҚАБЫНУ
АУРУЫ.**

АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

1

- Асқа тәбеті болмайды, темекі де шеккісі келмейді. Көбіне бірнеше күн бойы тамақ ішпей қояды.
- Кейде оң жақ бауырының тұсы ауырады


2

- Дене қызуы көтерілуі мүмкін.
- Бірнеше күннен кейін көз сарғаяды..

3

- Тамақтан және оның иісінен лоқсып, құсады.
- Несептің түсі қызғылт-сары, ал үлкен дәрет — ақшыл болады.

Вирустық гепатиттің түрлері



А вирустық гепатит

А вирустық гепатитті фекалды-оральді яғни жуылмаған қолдар ауруы деп атайды. А вирустық гепатит ең көп тараған жұқпалардың бірі. А вирустық гепатитімен ең әуелі, мектепке дейін жастағы балалар ауырады. Бірақ, бірнеше жыл бұрын,- Чехияда, жоғары сынып оқушылары, қаттырған құлпынайы мен кілегейі бар балмұздақты жеп, эпидемия тіркелген болатын. Зертханалық сараптаманың нәтижесінде аталған кілегейдің орнында өзі емес, мұздалған А гепатиті болып шықты.

В вирустық гепатит

XXI ғ. В вирустық гепатит кең таралған. Аталған індетпен 20-40 аралығындағы жастылар жиі ауырады. Әдетте, В вирустық гепатит тіс дәрігердің немесе гинекологтің сәтсіз емінен, сондай-ақ зарарсызданбаған «шприцтік гепатиттен» пайда болады. Жұқтырудың өзге жағдайлар: шаштаразда, сән салонында және басқа да тұрмыстық қатынас арқылы. Сонымен қатар, В вирустық гепатиті нашақорлар мен гомосексуалистер арасында кең таралған.

Д вирустық гепатит

Д вирустық гепатит «кейде» В вирустық гепатитпен «қосарланып жүреді». Бұл екі вирус бір-бірін қостап тұрады. В вирустық гепатитпен күресіп, Д вирустық гепатитпен мәңгілікке қоштасуға болады. Қос вирусты алдын алу әдісі ұқсас.

С вирустық гепатит

«Миірімді жендет» деп С вирустық гепатитті осылайша атайды. Клиникалық С вирустық гепатит жеңіл өтеді. 100 адамнан-1 ғана өлім. Бірақ, бауырдың асқынған, созылмалы ауруына жиі әкеп соқтырады. Ауру,- сары ауруының айқын белгілерімен өтуі мүмкін. Дерттің ең негізгі симптомы- шаршаңдық. Ауру көлемінің 50% жуық қан арқылы жұғады.



Е вирустық гепатит

Е вирустық гепатит жұғу тәсілі бойынша А вирустық гепатитке жақын. Ал, Е вирустық гепатит, бөлек бір ауру екенін, 80-жылдары- М.С.Балаян дәлелдеді. Ол нағыз ғалымға сай, сол кезде әлі анықталмаған гепатит түрмен өзін-өзі жұқтырды. Бұл нақты, А вирустық гепатиті емес екені, айдан анық болатын. Өйткені зерттеушінің, аталған гепатитке қарсы иммунитет өндірілді. Дәрігерлер, әріптестің халін бақылай отыра, тұңғыш рет аурудың сипаттамасын жазды.

Статистикалық мәлімет бойынша Е вирустық гепатитке шалдыққандардың көбі ер адамдар. Е вирустық гепатит жүкті әйелдер үшін өте қауіпті



КӨКТАМЫРЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТАР ПАИДА БОЛҒАНДА (ҚАҚПА КӨКТАМЫРЫНДА ҚАН ҚЫСЫМЫ КӨТЕРІЛГЕНДЕ), ҚАНДА:

-АММИАК, УЛЫ ПОЛИПЕПТИДТЕР, АМИН ҚЫШҚЫЛДАРЫНЫҢ БАКТЕРИЯЛЫҚ ДЕКАРБОКСИЛДЕНУ ӨНІМДЕРІ (ТИРАМИН) Т.Б, ӨЗГЕРГЕН БАУЫР ЖАСУШАЛАРЫМЕН УЫТСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН, ІШЕКТЕРДЕН ТҮСЕТІН ФЕНОЛ, ИНДОЛ, СКАТОЛ, КАДАВЕРИН, ПУТРЕСЦИН Т.С.С ЗАТТАР ЖИНАЛАДЫ. АММИАК МИДА А-КЕТОГЛЮТАР ҚЫШҚЫЛЫН БАЙЛАНЫСТЫРЫП, ОНЫ ҮШКАРБОН ҚЫШҚЫЛЫ ОРАЛЫМЫНАН АЛАСТАЙДЫ. СОНДЫҚТАН МИДА ТОТЫҒУ-ТОТЫҚСЫЗДАНУ ҮРДІСІ ТЕЖЕЛЕДІ, МАКРОЭРГИЯЛЫҚ ФОСФОРЛЫҚ ҚОСЫНДЫЛАРДЫҢ ТҮЗІЛУІ АЗАЯДЫ, ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ДАМИДЫ

-ҚАНДА ГЛЮКОЗАНЫҢ ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕЙДІ, ГИПОГЛИКЕМИЯ ДАМИДЫ. ОСЫДАН ОРТАЛЫҚ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНДЕ ЭНЕРГИЯ ТҮЗІЛУ ҚАТТЫ АЗАЯДЫ.

-БАУЫРДА ҮШКАРБОН ҚЫШҚЫЛДАРЫ ОРАЛЫМЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ФЕРМЕНТТЕРДІҢ ТҮЗІЛУІ БҰЗЫЛУУЫНАН ҚАНДА МИҒА УЫТТЫ ӘСЕР ЕТЕТІН ЗАТТАР КӨБЕЙЕДІ.

-СУ МЕН ЭЛЕКТРОЛИТТЕРДІҢ АЛМАСУЫ БҰЗЫЛАДЫ



**БАУЫР ЦИРРОЗЫ (CIRRHOSIS
HEPATIS) – БАУЫР
ПАРЕНХИМАСЫ МЕН
СТРОМАСЫНЫҢ ДИСТРОФИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ НЕКРОЗДЫҢ
ЗАҚЫМДАНУЫНАН БАУЫРДЫ
ТҮЙІНДІ РЕГЕНЕРАЦИЯ ЖӘНЕ
ДӘНЕКЕР ТКАНІНІҢ ЖАЙЫЛМА
ӨРБУІН ТУДЫРАТЫН БАУЫРДЫҢ
СОЗЫЛМАЛЫ ДА ҮДЕМЕЛІ АУРУЫ.
СОНЫМЕН ҚАТАР БАУЫР
ПАРЕНХИМАСЫ МЕН ОНЫҢ
ТАМЫР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ
ӨЗГЕРІП ПОРТАЛЬДЫ ГИПЕРТОНИЯ
ДАМИДЫ**



Здоровая
печень



Печень
пораженная
циррозом





ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- ❖ *Нұрмұхамбетұлы Ә. Патологическая физиология . Алматы 2007ж*
- ❖ *Айтбембет Б.Н. Ішкі аурулар пропедевтикасы. - Алматы, 2005.-338 б -342 б.*
- ❖ *Ахметов К. Ішкі аурулар пропедевтикасы. – Ақтөбе, 2007.*
- ❖ *Ахметов Қ.Ж. Ішкі аурулар пропедевтикасы пәнінің клиникалық дәрістері (оқу құралы). – Алматы, 2009.*



Назарларыңызға рахмет!!!

